Әділет

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық басылым

№1 (8). 10 қаңтар, 2018 жыл | Газет 2017 жылдың 12 қыркүйегінен шыға бастады | zhangyru@mail.ru

ТҮЙМЕДЕЙДІ ТҮЙЕДЕЙ ЕТУ ТӘСІЛІ

доктор Түймебаевтың тұсында міпті дәуірлеп тұр



Атамқұлов малайзиялық құдасына қатысты әңгімелерімен жұртты жалықтырып еді. Абырой болғанда көп ұзамай Астанаға ауысып кетті. Қазіргі әкіміміз Жансейіт Түймебаев та ауызекі әңгімеге жүйрік екен. Келе сала Түркияны, Анкараны, ондағы достарын, әсіресе шатқалдарды қоймай-қоймай жырлап, тыңдаушыларын мезі ете бастады.

Жаңа әкімнің ә дегеннен қолға алған жұмысының бірі – «Шатқалдар» бағдарламасы болды. Шымкентте белгілі ғой, төрелердің айтқанын екі ету деген жоқ. Дұрысы да – дұрыс, бұрысы да – дұрыс... Сонымен Шымқаланың «Шатқалдары» тізімге түсіп, оларды абаттандыру басталып кетті. Саржағал БАҚ-тардың тіпті құдайы берді. «Шатқалдардың» болашағын, шымкенттіктерге мол-мол шаттық сыйлайтынын құйқылжыта, жарыса жазды келіп. «Балапанды күзде санайды». Күздің аяғына қарай тиісті мамандардың «Шатқал» бағдарламасы жемісті жүзеге асырылып жатыр» деген ақпарат, мәлімет, есептерінде өтірік көп болып шықты. Бұл туралы біз «Мюнхаузен өтіріктері жолда қалады» атты сын мақала жаздық. Онда:

Біріншіден, Шымкент қаласы аумағында «шатқал» деуге болатындай жер бедері жоқ екенін дәлелдедік.

Екіншіден, тиісті мекемелердің ағаш көшеттерін отырғызу, суландыру бойынша айтып жүрген мәліметтерінің жалған екенін фактілермен дәлелдедік.

Үшіншіден, сай-сала, төбе-төбешікті игеру тәжірибесі Шымкентте баяғыдан бар екенін, бұл араға Анкараны кірістірудің мүлде қажетсіздігін баяндадық.

Төртіншіден...

Бірақ не қалалық, не облыстық әкімдіктерден тыңдар құлақ табылмады. Жақында санаулы ағаш көгеріп тұрған сайға мақұлбай атқамінерлер мен тілшілерді жинап алған әкім тағы да шатқал туралы жырлап берді...

Біз түсінбедік. Шымкенттің өзінде, орталықтағы аудан, көшелерінде он-сан проблема үйіліп жатқанда айдаладағы сайларда несі бар? Түймебаев сол сай-салалардың ойпаңдағы облыс орталығын су басудан, тасқыннан сақтап тұрғанын біле ме? Түймебаев теміржол бойындағы сай-салаларда жүздеген үйлердің жолсыз, газсыз, ауызсусыз, мектеп, балабақша, емдеу мекемелерінсіз жабайы күй кешіп отырғандарынан хабарсыз ба?

Т. Рысқұлов даңғылының бойындағы мынадай тырнағынан әрең ілініп, қисайып-мисайып, құлауға мойынсұна бастаған қаптаған бағаналар Шымкенттің бүгінгі болмысы мен ертеңіне қатысты талай жайды айқайлап айтып тұр емес пе? Әкім неге құлақ салмайды?



Бағаналардың табаны мен іргетасына көз салып көріңіз, бір-бірімен мүлде қабыспай тұр.

ТІЛДІҢ ҚҰТЫ ҚАШЫП БАРАДЫ

2-бетте

КЕЛЕСІ НӨМІРДЕ:

«НҰР ОТАНЫҢ» – БРАТАНЫМНЫҢ САДАҒАСЫ

КЕЛЕСІ НӨМІРДЕ:

ШЫМКЕНТ ҚАНДАЙ ҚАЛА?

Кешегі қала басшысы Ғ. Әбдірахымовтың айтуынша **«Шымкент зың қала»** екен.

Біз кезінде Шымкенттің арыстандарды қамап ұстайтындай темір және бетон тосқауылдары көп **зоопарк сынды қала** болып бара жатқанын жаздық.

Қазіргі облыс әкімі Ж. Түймебаев болса, Шымкент биік-биік таулардың арасындағы **шатқалы көп қала** дегенді санамызға сіңіруден жалығар емес.

Айтпақшы, 25 гектар жерді алып жатқан сайда Юнус Эмре атындағы саябақтың іргетасын қалап та қойды. Жаңа саябаққа осындай ат қою мәселесі халық өкілдерінің қатысуымен талқыланды ма? **Бұл шешімді республикалық ономастикалық комиссия қарап, бекітті ме?** Ұсынысты жасаған қай ұйым, қай мекеме?

ҚАЗАҚ ИМПЕРИЯСЫ

Орбұлақ сапарынан соң, осы бір тіркес қайта-қайта тіл ұшына орала берді

Қызық. Өмірі ойыма келмеген бұл пайым қайдан пайда бола кетті? Белжайлау сұлудың бұрымдарындай бұратылған мың-сан мөлдір бұлақтар сыбырлады ма? Үйгентас аңғарында тарыдай шашырап жатқан тас қорымдар үндемей-ақ ұқтырды ма? Әлде адам аспас екі таудың арасын қоса, көсіле жантайған қытай қорғанындай биік әрі тік жотаның көк желкесін бойлай ұзына-бойы қазылған ор-шұқырдың әлі де көзге анық көрінетін бедер-сілемі ойтүрткі болды ма?

"Қазақ империясы!". Бойды үйрету үшін шығар, іштей сан рет қайталадым, дауыстап та айтып көрдім, ақ қағазға түсірдім...ақыры. Ешқандай тосындығы жоқ. Жібектей есіліп тұр. Еркіндікке жіберуді сұрайтындай...

3-4-5



«Жаужүрек мың бала» фильмінен көрініс

Қазақ қазақ болғалы оның ана тіліне дәл бүгінгідей аталық қамқорлық жасалмағаны анық. Еліміз егемендік алған соң тілімізге мемлекеттік статус берілді. Үкімет тілді дамытуға арналған ұзақ мерзімді бағдарлама қабылдап, оны тиісінше жүзеге асырып та келеді. Қазақ мектептерінің саны бұрын-соңды болмаған жоғары қарқынмен еселеп артты. Тұтастай облыстар іс қағаздарын қазақша жүргізуге көшті. Елбасы Н.Назарбаев өзіне дейінгі ешбір басшы жасай алмаған қадамдарға барды: реті, орайы келген жердің бәрінде туған тілін алға шығарды. Өз халқының перзенті екенін ашық және мақтанышпен айтып жүр. БҰҰ алқалы басқосуында қазақша сөйледі. Бұны, шынын айту керек, нағыз ұлтжанды деген қазақтардың өздері де армандамаған шығар-ау. Сол сияқты Елбасының қаламынан туған, дұрысы өзегін жарып шыққан "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" мақаласындағы тың ойлар, батыл пікірлер, болашаққа жасалған көрегендік болжамдар да бұрын-соңды өткен қазақ басшыларының қаперіне келмеген еді.

ТІЛДІҢ ҚҰТЫ ҚАШЫП БАРАДЫ

Майшабақ туралы мультфильм еске түседі

Бірақ, өкінішке орай, үкімет, жалпы билік, біз бен сіз өліп-өшіп, өбектеген сайын тіліміздің құты қашып барады. Бұрын көшелердегі, маңдайшалардағы жазуларда кездесетін әріп қателерді термелеп, мәселе көтеретінбіз. Енді келіп кешегі орфографиялық, грамматикалық қателермен жылап көрісетіндей халге душар болдық. Қатенің түр-түрі бірнеше еселенді: ел тарихын, салт-дәстүрін, орта және жоғары мектепте оқылатын пәндерді, табиғатты, өмірдің алуан қыр-сырын білмеуден туындайтын сауатсыздық адымды аштырмауға айналды. Тіл құнары азайып, бояуы солғын тартты. Сөздік қорымыз барынша шектелді. Сөз жасау қабілетімізді жоғалтып, басқалардың басқа тілде айтқандарын сол қалпында көшірмелеуге әдеттендік...

Жаңбыр жаумай су болатындай не көрінді бізге? Соны ойлағанда сонау Кеңестер Одағы кезінде түсірілген бір мультфильм еске түседі: Қала шетіндегі жуынды-шайынды судан пайда болған сасық көлшікті жағалап келе жатқан бір кісі күл-қоқыстың арасында жүзіп жүрген майшабақты көріп, әлгіге қатты жаны ашиды. Оны мына тозақтан құтқару үшін лай кешіп, темір-терсекке сүрініп жүріп, балықты ұстап алады да, үйіне жүгіреді. Келе аквариумға таза су құйып, майшабақты жібереді. Ал өзі тау қопарғандай марқайып тұрады. Бірақ балық қисая жүзіп, бірте-бірте аударылып, шалқалай бастайды. "Қарны аш шығар". Осыны ойлаған кісі жем шашады. Балық жемге қарамай, біржола ажалға бет алған сыңай танытады. "Е, ауа жетпей жатыр". Тез арада суға ауа үрлейді. Болар емес. Сасқалақтаған кісі жалма-жан темекі тұтатып, өзі де байқамай, аквариумға төбесінен төне түседі. Солай тұрғанда темекі күлі суға түсіп те кетеді. Сол сәтте майшабақ тіршілік белгісін білдіріп, оңғарыла бастайды. Неге олай еткенін өзі де білмеген кісі қолындағы тұқылды суға тастай салады. Сол сол екен, майшабақтың жүзуі түзеледі. Мәселенің мәнісін аңғарған қожайын күлсалғышта жиналып қалған бар тұқыл мен күлді аквариумға аударады. Майшабақ та осыны күткендей, күл-қоқысқа араласқан жемді қылғытып, оңды-солды жүйткиді. Шоршып та қояды...

Иә, жылдар, ғасырлар бойы қиыншылықта өмір сүрген тіл мынадай кеңшілікті тосырқап тұрғандай...

Шымкент шүлдірлесе, Көкше қайдан күмбірлесін

Оңтүстіктегі ең беделді деген газеттердің бірі, мысалы, "Жол апатынан бірнеше бау-бақша өсіреді, қалай қолына қалам алады? Түсініксіз.

"Балапан" арнасынан басталған бір тіл білместік қазір елдегі бүкіл арналар мен киностудияларды түгел жаулап алды. Кино кейіпкерінің бірі "рақмет" десе, екіншісі оған "оқасы жоқ" деп жауап береді. Дардай әртістердің осылай сөйлеуі таң қалдырады.

Бір кезде "Алматы қазақша сөйлемей, Қазақстан қазақша сөйлемейді" деген сөз шығып еді. Біздіңше, Оңтүстік облыстар таза қазақшаға көшпей, Қазақстан шүлдірлеуін қоймаса керек. Өкінішке қарай, әлі-әзір Шымкент жағы ана тілін бұрмалап-бұзудан алдына қара салмай жүр. Бізден басталған "Байтұрсынова көшесі", "Әуезова көшесі" қазір республикаға тарады. Оңтүстік "Бір бала, үш қызым бар" деп сөйлеуді көп жылдан бері жатпай-тұрмай насихаттап келеді. Сондай-ақ шымкенттіктер "үйді" бір ауыздан "дом" деп атауға бәтуаласқан. Жалпы қазақ сөздерін орыс нұсқасында айту өрттей өршіп тұр. Біздің жақтың адамдары сөйлемдерде, әңгіме барысында кездесетін негізгі, шешуші, кілтті сөздерді орысшалайды: суббота, обязательно, улица, школа, больница, зарплата, заявление...

Сөйлеу мәдениеті, жазу мәдениеті дегендер ұмытылған. Өткен ғасырдың сонау отызыншы жылдары орыс тіліне еліктеуден пайда болып, ел сауаттанған тұста айналымнан шығып қалған "азаматша, "мұғалима" сияқты жарымжан сөздерге қайта жан мен жал біткен. "Мұғалима" демекші, Оңтүстіктің білім беру саласы "ұстаз" сөзін мұқым иеленіп алған, ол кез келген жағдайда "мұғалімді" ауыстырып тұра береді. "Ойында жоқ бірінің..." деп, Абай айтпақшы, қазақ баласының бапкерді де, оқытушыны да (айтпақшы, бізде "оқытушы" мен "мұғалім" сөздерін де ажыратып жатқандар аз), тағы басқа да толып жатқан үйретушілерді "ұстаз" деп құрметпен атайтыны ешқайсысының қаперіне кірмейді. Сол сияқты қаптап кеткен май құю бекеттері мен құрылыс материалдары дүкендеріндегі "ерт қауіпті" және "құрылыс заттары" деген жазулар да біздің қаншалықты кері кетіп қалғанымызды жарыса жариялап тұр. "От қауіпті" деп жазсақ, онда айтылар ой бар. Ал өрт қауіпті екенін жазудың ешқандай қажеттілігі жоқ. Әлгі қаптаған дүкендердегі әк, құм, цемент, тас, бояу, т.б. материалдарды әлі зат ретінде ұғымдарды ажырата алмайды. Қазір осы екі сөздің мән-мағынасын малшылар мен диқандар да түсінбейтін сияқты. Жақында Оңтүстіктен Солтүстікке көшіп барған жерлесіміз телеарнадан "Картоп ұрығын сатып әперді" деп тұр. Адамнан бастап бүкіл жан-жануар, құрт-құмырсқа ұрықтан, ал өсімдік атаулы тұқымнан өсіп-өніп, көбейетінін білмей-ақ өмір сүруге болатын шығар... Бірақ қалай мал бағып, бау-бақша өсіреді, қалай қолына қалам алады? Түсініксіз.

"Балапан" арнасынан басталған бір тіл білместік қазір елдегі бүкіл арналар мен киностудияларды түгел жаулап алды. Кино кейіпкерінің бірі "рақмет" десе, екіншісі оған "оқасы жоқ" деп жауап береді. Дардай әртістердің осылай сөйлеуі таң қалдырады.

Бір кезде "Алматы қазақша сөйлемей, Қазақстан қазақша сөйлемейді" деген сөз шығып еді. Біздіңше, Оңтүстік облыстар таза қазақшаға көшпей, Қазақстан шүлдірлеуін қоймаса керек. Өкінішке қарай, әлі-әзір Шымкент жағы ана тілін бұрмалап-бұзудан алдына қара салмай жүр. Бізден басталған "Байтұрсынова көшесі", "Әуезова көшесі" қазір республикаға тарады. Оңтүстік "Бір бала, үш қызым бар" деп сөйлеуді көп жылдан бері жатпай-тұрмай насихаттап келеді. Сондай-ақ шымкенттіктер "үйді" бір ауыздан "дом" деп атауға бәтуаласқан. Жалпы қазақ сөздерін орыс нұсқасында айту өрттей өршіп тұр. Біздің жақтың адамдары сөйлемдерде, әңгіме барысында кездесетін негізгі, шешуші, кілтті сөздерді орысшалайды: суббота, обязательно, улица, школа, больница, зарплата, заявление...

Сөйлеу мәдениеті, жазу мәдениеті дегендер ұмытылған. Өткен ғасырдың сонау отызыншы жылдары орыс тіліне еліктеуден пайда болып, ел сауаттанған тұста айналымнан шығып қалған "азаматша, "мұғалима" сияқты жарымжан сөздерге қайта жан мен жал біткен. "Мұғалима" демекші, Оңтүстіктің білім беру саласы "ұстаз" сөзін мұқым иеленіп алған, ол кез келген жағдайда "мұғалімді" ауыстырып тұра береді. "Ойында жоқ бірінің..." деп, Абай айтпақшы, қазақ баласының бапкерді де, оқытушыны да (айтпақшы, бізде "оқытушы" мен "мұғалім" сөздерін де ажыратып жатқандар аз), тағы басқа да толып жатқан үйретушілерді "ұстаз" деп құрметпен атайтыны ешқайсысының қаперіне кірмейді. Сол сияқты қаптап кеткен май құю бекеттері мен құрылыс материалдары дүкендеріндегі "ерт қауіпті" және "құрылыс заттары" деген жазулар да біздің қаншалықты кері кетіп қалғанымызды жарыса жариялап тұр. "От қауіпті" деп жазсақ, онда айтылар ой бар. Ал өрт қауіпті екенін жазудың ешқандай қажеттілігі жоқ. Әлгі қаптаған дүкендердегі әк, құм, цемент, тас, бояу, т.б. материалдарды әлі зат



Қазақ түсіне бермейтін жазулар қаптап барады.





Қазақ бүлдіршіндерінің суретіне де орын табыла бермейді.

Қанаттылар мен қанатсыз-ақ ұшатындар

Атақты Мұхтар Шаханов "Жазушылар одағында есепте тұратын 700 жазушының бәрін жазушы деп айтуға болмайды. Олардың көп болса, оншақтысы ғана шын қаламгер" дегендей ойды жиі айтып жүр. Ол ғана емес, осындай биржақты, кесімді пікірді басқалардың аузынан да жиі ести бастадық. Режиссер Данияр Саламат пен журналист Бағашар Тұрсынбайұлы екеуара сұхбатта осы тақырыпты бір қозғап өтіпті.

"Жазушылар одағында мүше жеті жүз адам болса, соның нешеуі шын жазушы?" – дейді режиссер.

Оған журналистің жауабы мынадай:

"Отыз-қырығы шын мәнінде жазушы болса, жақсы деп ойлаймын".

Режиссер бұл ойды одан әрі шегелей түседі:

"Бізде 500 жазушы бар дегенде Қалихан Ысқақ: "Соның бір нөлін алып тастағым келеді" депті. Сонда Әкім Тарази "Мен қалған бір нөлге де шүйліккім келіп тұрады" деген екен.

Демек, сонда жазушы деген атқа лайық бес-ақ адам қалады. Қош дейік. Біз енді өз тарапымыздан осы Әкім көкеміздің әйелі Розаның да жазушы екенін еске салайық. Бір үйдегі бұл екі кісінің шын жазушы екеніне күмәніміз жоқ дейік. Ендігі қалғаны үшеу-ақ. Оның бірі, әрине, Мұхтар Шаханов та, бірі – марқұм Қалихан Ысқақ. Қалған бір ғана жазушылық атақты кімге береміз? Біздіңше, бұл сұрақтың жауабын Мұх-тар, Әкім көкелеріміз де айта алмаса ке-рек. Біріншіден, қалам ұстағандар арасындағы бұндай "қыршаңқы сөз күлуге жақсы" әңгімелерді дәл мағынасында түсіне салудың қажеті шамалы. Қыза-қыза келе "менен басқа жазушы жоқ" дейтіндер де бар. Қысқасы,"битке өкпелеп тонды отқа тастаудың" не қажеті бар? Жазушыларды шетқақпайлаудың зардабын қазірақ шегіп отырмыз ғой. Жоғарыда шетпұшпақтап, жұқалап қана айтылған тілдегі түйткілдер соның тікелей зардабы деп түсінген жөн.

(Жалғасы 8-бетте).

Қызық. Өмірі ойыма келмеген бұл пайым қайдан пайда бола кетті? Белжайлау сұлудың бұрымдарындай бұратылған мың-сан мөлдір бұлақтар сыбырлады ма? Үйгентас аңғарында тарыдай шашырап жатқан тас қорымдар үндемей-ақ ұқтырды ма? Әлде адам аспас екі таудың арасын қоса, көсіле жантайған қытай қорғанындай биік әрі тік жотаның көк желкесін бойлай ұзына-бойы қазылған ор-шұқырдың әлі де көзге анық көрінетін бедер-сілемі ойтүрткі болды ма?

"Қазақ империясы!". Бойды үйрету үшін шығар, іштей сан рет қайталадым, дауыстап та айтып көрдім, ақ қағазға түсірдім...ақыры. Ешқандай тосындығы жоқ. Жібектей есіліп тұр. Еркіндікке жіберуді сұрайтындай...

ҚАЗАҚ ИМПЕРИЯСЫ

Орбұлақ сапарынан кейін осы бір тіркес тіл ұшына қайта-қайта орала берді

I.

Бірде қазақ руханиятының жанашыры Бекет Тұрғараев Салқам Жәңгір хан мен Жалаңтөс баһадүрге ескерткіш орнатуды қолға алыпты дегенді естідім. Тұрғараевтың сөзі жерде қалған емес. Бұл жолы да солай болды. Жоба қысқа мерзімде жасалып, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің жанындағы арнайы комиссияның талқысына ұсынылды. Астаналық сарапшылар нысанды жақсарта түсу бағытында бір-екі ұсыныс айтып, бекітіп берді. Енді Бекең Орбұлаққа барып, шайқас болған жерді өз көзімен көріп қайтуға бекінді. Шымкенттен біз ілестік. Алматыдан Орбұлақ шайқасын көптен бері зерттеп жүрген Бексұлтан Нұржекеев қосылды.

Қазақтың ұшы-қиырсыз ұлан-байтақ ұлы даласында жер бетінде болуы мүмкін ғажайыптар мен кереметтердің бәрі бар ғой, шіркін! Бірнеше қилы-қиын асу-белестерден, бірнеше қайнарлар мен өзендерден өткен соң қатар жатқан екі таудың арасына көсілген атақты Белжайлау көзге оттай басылды. Ұзына бойына көз жетпейді. Екі қапталы – биік таулар. Қаптаған сансыз бұлақтар. Сылдырай аққан шағын өзендер. Жер бедері жасыл кілемдей... Біз ғайыптан тайып XVI-XVII ғасырлардың біріне кіріп кеткендейміз. Әр бұлақтың басында бір-бір киіз үй. Өзендерді жағалай қонған малшылар. Қаптаған үйір-үйір жылқы, табын-табын сиыр, отар-отар қой-ешкі. Оларды бағып, қайырмалап, күзетіп жүрген жан жоқ. Әппақ киіздері алыстан менмұндалайтын қазақы үйлер. Жайлау сәнін бұзатын қора-қопсы, қоршау-шарбақтар көзге шалынбайды. Біз мінген жол талғамайтын машиналар ғана уақыттың шамасын аңғартады. Жайлауда тіпті шыбын-шіркей де, жыртқыш аң-құс та жоқ. Бізге мұнда өріп жүрген қызыл-қоңыр қоңды сиырлар басқаша көрінді. Шетелден – Америкадан арнайы әкелінген мал тұқымы деседі. Өздері қазақтың осындай жерұйығына тап болғандарына дән риза сияқты, жерге қадала жайылуларынан гөрі тау самалына тұмсықтарын тосып, кекірейіп тұрулары көп. Есімізге Орбұлақтағы Жеңістің 350 жылдығы мерекеленген күні қаламгер Әбіш Кекілбайұлы айтыпты деген сөз орала берді: "Қалмақ түгілі Құдайдың өзіне қимайтындай жайлау ғой мынау!".

Жайлауға сұғына енген тұста, "Үйгентас" деп аталатын жерде жолбасшымыз Бексұлтан ағаның айтып-көрсетуімен Салқам Жәңгір хан мен оның бір топ сардары жерленген төбеге жетіп, аялдадық. Ел тәуелсіздігі жолында шейіт болған ерлерге құран бағыштадық. Алда Орбұлақ шайқасы өткен тарихи орын бар. Оған жақындаған сайын жол қиындай түсті. Бірақ "көрінген таудың алыстығы жоқ" дегендей, біршама уақыттан соң жұбы жазылмаған тобымыз биік жотаның төбесіне шықтық. Жеңістің 350 жылдығы тойланғанда белгітас қойылыпты. Жалғыз белгі сол ғана. Содан кейін екі таудың арасын қосып, аңғармен келгендердің жолын бөгеп жатқан жотаның көк желкесін қуалай қазылған 2 шақырымға созылатын ор-шұқырдың әлі де біржола өше қоймай, сайрап жатқан сілемі сақталыпты. Салқын жел етек-жеңді дамылсыз жұлқылаған жотаның басында тұрып, Орбұлақ шайқасына қатысты түрлі-түрлі рас-өтірігі, аңыз-ақиқаты аралас әңгімелерді еске түсірдік. Бұрын бұлдыраған кей жайлар айқындала түсті, бұрын шын көрінген кей сөздердің жалған екені байқала бастады. Орбұлақ биігіне бір шықпай-ақ, Орбұлақ туралы басылым беттеріндегі деректерді бір шолып шықпай-ақ, ол туралы білгішсініп айта беретін, айтқанда да туралықтан қиғаштай тартатын керауыздардың қазақ тарихын бұрмалаған әрекеттері әшкереленіп жатты. Әсіресе "ол ор-шұқырды қазақтар аң аулау үшін қазған" іспетті әңгімелер мүлде қисынсыз көрінді. Қазақ әскербасылары мен сардарларының Орбұлақ шайқасында қолданған әскери айла-тәсілдері атақты генерал, ҚР тұңғыш Қорғаныс министрі, соғыстың көкесін көрген қолбасшы Сағадат Нұрмағамбетовты қатты таң қалдырыпты. Қазақ әскерінің аз қолмен қалың жаудың жолын бөгегені ерекше айтуға тұратын ерлік, ерлік қана емес, ақылдылық, әскери өнердің бір биігі десе артық емес. Бірақ...



Ежелгі Тараз қаласы

II.

Орбұлақ шайқасына қатысты ауызша әңгімелерді былай қойғанда, жазбаша деректердің өзінде бірізділік жоқ, әсіресе соңғы жылдары жарық көрген кітаптар қым-қиғаш қателерге толы. Тарихшы ағайындар бірін-бірі орынсыз көп қайталайды. Ол да ештеңе емес-ау. Тәуелсіздіктен бұрынырақ жазылған еңбектердің иелері көбіне-көп орысша хатқа түскен мәлімет-ақпараттарға иек артады және соларды ғана бұлтартпас дәлел ретінде ұсынуға құмбылдық танытады. Айналып келгенде жазба деректердің басым бөлігінің айтары Салқам Жәңгір хан Орбұлақта аз ғана әскермен, бар болғаны 500 сарбазбен жоңғардың Батур қонтайшы бастаған қалың қолын, яғни ұзын-саны 50 000 әскерін тоқтатты дегенге саяды. Сөйтеді де, 500 бен 50 мыңды бір-біріне қарсы қоюдың қисынсыздау екенін сезетін шығар, қазақ әскербасы таулы жердің жағдайын тиімді пайдаланды, ор қазды, таңдаулы 500 сарбаздың бір бөлігі сайда қалған жоңғарларға оқ жаудырды, ал хан бастаған екінші бөлігі басқыншылардың ту сыртынан, күтпеген тұстан соққы берді дегенді алға тартады. Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы белгілі "Түп-тұқияннан өзіме шейін" кітабына Салқам Жәңгір ханның Орбұлаққа 700 сарбазбен барғанын жазады. Бұл да шама-шама, екі қос уыс бір келі шығар, о заманда әр сарбазды тізіп, есепке алып отырған кім болды дейсіз. Қалай дегенмен сол заманның өкілі емес пе, ол қазақ-жоңғар қарым-қатынасының қыр-сырын кейінгілерге қарағанда дұрысырақ аша білген деп ойлаймыз. "Енді біздің бар тауарихымыз да, ғұмырымыздың ең бір өзекті шағы да осы ойраттармен, яғни орыстар бізге айдап салғандармен болды, – деп жазады Қазыбек бек. – Әйтпесе бізден бұрын өткен Тәуекел хан тұсында қалмақ та оған қараған. Ешбірі қыңқ дей алмаған... Орыс патшасының қалмаққа жаны ашып бара жатпаған-ды. Олардың көздегені: асты – кен, үсті – қаптаған мал қазақ жері... Осының ақыры біреуінің біржола құрып кетуіне, екіншісінің шамадан тыс қырылуына, сөйтіп әлсіреп, қабырғасы сөгіліп қалуына соқты", шынында да жоңғарды арғы жақтан Қытай арандатып, бергі жақтан Ресей айдап салып, қазаққа қарсы қою саясатын белсенді жүргізді. Бұл туралы Тәуке ханның тұсында жоңғармен соғыста 23 жыл бойы бас әскери қолбасшы болған, "Елім-ай" дастанын жазған Қожаберген жыраудың тұжырымы сол зар заман шындығын тап басып тұр:

Бастаған ойрат ісі ұрыс болды,
Бұл соғыс Ресей үшін дұрыс болды.
Қалмақты жабдықтаған
қос көршінің,
Әуелден көздегені қоныс болды.

Орбұлақ жотасындағы ұзындығы 2 шақырымнан асатын ор-шұқырдың сұлбасына қарап тұрғанда қазақ қолының шын мәнінде 500-700-ден көп болғанын сезінбеу мүмкін емес. Өйткені сонау жер түбіндегі Түркістаннан асығыс, сүрлігіп жеткен атты әскер, яғни кілең сен тұр мен атайын батырлар келе сала, тынығып, күш жинаудың орнына таулы-тастақта жерден ор қазуға кірісе ме? Өмірі қолынан қаруы түспеген қазақ сарбаздарына кім ор қаздырады (қаздыра алады)? Демек, 500 де, тіпті 700 де қате сан. Бұны кейбір дерек көздерінің жанамайлап айтып қалатыны да бар. Олар "Түркістаннан шыққан Салқам Жәңгір қолына жол-жөнекей қазақ қосындары қосылып отырды" дейді. Бұның үстіне қазақ аймағының бір шетіндегі тәуелсіз Самарқан әміршісіне хабаршы аттандырған хан өз иелігіндегі мың-сан рулардың би-батырларына жаушылар шаптырмауы мүмкін бе?! Сонда жолай қосылғаны бар, соңынан келіп жеткені бар, хан әскері кемінде 5-6 мыңды құраса керек қой.



Салқам Жәңгір хан бейітіне қойылған белгітас

ҚАЗАҚ

Орбұлақ сапарынан кейін осы бір тіркес

Ұрысқа таңдап алынған жер бедері де соған меңзеп тұр. Екі шақырымнан асатын ұзын орды кез келген жерінен үзбей ұстап тұруға және жаудың ту сыртынан соққы беруге бұдан аз әскердің шамасы жетуі неғайбыл. Біздіңше, бұл орайда ескермеуге болмайтын тағы бір жағдай мынау: Орбұлақ бәрінде аттары аталатын атақты Қарасай, Ағынтай. Көксерек, Жақсығұл, Елтінді, Жиембет, Сарбұқа сынды батырлар қазақтың белді-белді, көп санды руларының атынан келіп отыр. Олардың бірлі-жарымы болмаса, көбісі Жәңгір ханға Түркістаннан ілесіп шықпаған шығар, бірі жолай қосылды, бірі ертерек келді, тағы бірі ілесе жетті. Ендеше атағы жер жарған батырлардың жалғыз-жарым жүрмегені анық. Сол сияқты бір елдің атынан екі қырғыз батыры ғана келді дегенге кім сенеді? Көрші ауылдағы көкпарға топ құрап баратын қазақ-қырғыз жан берісіп, жан алысатын шайқасқа қалай бірлі-жарымдап аттанады?

Сонда дейміз-ау, әр жерден көзге жиі түсетін 600 саны қайдан шыққан? Бұл деректің жоғарыда біз еске салып өткен орыс жазбаларынан алынғаны талассыз. Өйткені сол тұста көздің құртына айналған ұлан-байтақ даланы зерттеуге шындап кіріскен ақ патшаның қазақ ішіне тыңшыларын да жіберіп, мәлімет жинап отырғаны белгілі.

Сондай жалпы қазаққа қарсы іс-әрекеттерге қатысушы орыс елшілерінің бірі "Жәңгір сұлтанның алты жүз әскері бар екен" – деп жазыпты. Болды. Бітті. Әр мақалада, әр кітапта алдымызды орағыта беретін сиқырлы санның бастауы, міне осы! Автор Жәңгір ханның ылғи да жанынан табылатын тұрақты әскері туралы айтып отыр емес пе. Олар, шамасы, сол кезде ел ішінде қазіргі милиция-полиция міндетін атқарса керек. Зерде, пайым мен қисынға салмастан-ақ көзге түскенді осылайша көшіре салу әдеті Орбұлақ шындығын едәуір бұлдыратып, сенімсіздеу аңыз әңгімелердің қоздауына себеп болған сыңайлы. Қалай дегенде де Орбұлақ бар, алапат шайқастың ізі де өше қоймаған. Тек ол тарихшылардан ендігі жерде жан-жақты зерттеп, талдауды, дәнді қауыз бен сабаннан ажыратып алуды қажет етеді...

III.

Орбұлақты, Үйгентасты, Сарыбелді, жалпы Белжайлауды машинамен де, атпен де, жаяу да аралап шықтық. Талай әңгіме шешілді. Жергілікті малшының үйіндегі шай үстінде, қоштасар сәт таянғанда Бекет Тұрғараев, сірә, ешкім күте қоймаған ұсынысын ортаға салды.

– Орбұлақ шайқасының батырларына Шымкент жағында айбынды ескерткіш орнатуды қолға алғанбыз. Қазір ол нысанда жұмыс қызып тұр. Бірақ Салқам Жәңгір хан мен оның сарбаздары жерленген қорымның қоршаусыз, қараусыз жатқаны қалай болады? Ескерткішті ашудан бұрын осыны ретке келтірген жөн шығар.

Әдетте шай үстінде таусылып бітпейтін шұбалаңқы сөз сап тыйылды да, бәріміз дүр көтеріліп, Сарыбел жазығына беттедік. Келе жігіттер қорым айналасын өлшеп, нақты істің алғашқы қадамын жасады.

Сонымен арада екі-үш апта өткенде Орбұлаққа екінші рет аттандық. Бұл жолы Шымкентте жасалып, Белжайлауға жеткізіліп, тарихи орынды айғақтап тұрған белгінің ашылуына қатысу үшін жолға шықтық.

Абырой болған екен. Белжайлау бізді сіркіреген жаңбырмен қарсы алды. Тау шыңдарын қар басыпты. Малшылардың алды қыстауға көшуді бастап кетіпті. Біраз кешіккенде ауыр жүк артқан Шымкент жүк машинасының тау асуларынан аса алмай қалуы әбден мүмкін-ді...

Шіркін қазақтың бауырмалдығы-ай! 1643 жылы сонау Самарқаннан Жалаңтөс баһадүр Орбұлақтағы қандастарына көмек беру үшін ат ойнатып, атойлап жетіп, ерліктің үлгісін қалдырса; арада төрт ғасырға жуық уақыт өткенде жаужүрек әрі бауырмал баһадүрдің Оңтүстікті мекендейтін бір жұрағаты Бекет Тұрғараев алыстағы Белжайлауға әнеміне дегенше екі рет келіп, елдіктің өнегесін паш етті.

Бекең өзі ғана тынымсыз әрекет етумен шектелмей, облыстық әкімдікке, ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне қозғау салды. Мемлекеттік хатшының атына хат түсіріп, Орбұлақтағы Ұлы Жеңістің 375 жылдығын республикалық деңгейде атап өту жөнінде мәселе қойды. Мына жақта жұмыс қайнап жатты. Болашақ ескерткіштің тұғыры мен панорамасының қабырғасы бой көтерді. Ат үстіндегі хан мен баһадүр бейнелері Астанада сомдалуда. Осылардың арасында хан бейіті қоршалып, белгітас орнатылды. О баста біз осындай-осындай жайлардан көпшілікті хабардар етуді ойлағанбыз. Алайда осы бір өнегелі істен бастау алған түрлі-түрлі ойлар бізді әр тарапқа жетеледі. Көп жыл шындықтың бетін жапқан перде сыпырылғандай болды. Алдымызда көптен бері тарихшылардың ізі түспеген соқпақтың бұлдыр сорабы жатты. Қайда бастап, қайда апарар екен?

IV.

Империя дегенді қазіргі саясаттану мемлекеттік құрылымның күрделі формасы деп түсіндіреді. Басқаша айтқанда, бірнеше елдің, бірнеше ұлттың басын біріктіретін мемлекет, яғни күші басым бір ұлт айналасындағы әлсіздеу жұрттарды өзіне бодан етіп алады. Сондықтан империя құрамындағы халықтар арасында тіл, құқық, сайлау және сайлану, тағы басқа мәселелерде теңдік сақталмайды. Империяның негізгі ерекшеліктерінің бірі – жер көлемінің қатардағы республикаларға қарағанда әлдеқайда кеңдігі. Тағы бір ерекшелігі, әрине, танымалдығы болса керек. Ал енді қазақ елінде осы ерекшеліктер мен заңдылықтардың қайсысы бар, қайсысы жоқ?

Біздіңше, империя деп атандыруға негіз болатындай ерекшеліктер қазақ хандығында жетерлік. Іс жүзінде ондай статусты иемденбесе де, империялармен теңескен, теңестірілген тұстары аз емес. Мысалы, орыс жазбаларында кезінде "Қасым патша", "Ақназар патша" деп жазу қалыптасыпты. XVI ғасырда Ресей империясында тәуелсіз, еркін, ешкімге алым-салық төлемейтін, ешкімге ешқандай есеп бермейтін билеушіні "патша" деп атаған. Ал патша дегеніңіз әдетте империяның билеушісі. Хафиз Таныш қазақ билеушілерін "хақан" деп те жазады. Сол сияқты заманында Қазы Ахмад Ғаффари "Қасым хан Дешті Қыпшақтың билеушісі болды", "Хақназар хан Дештінің билеушісі болып табылады" деп көрсетті. Орыс мұрағаттарындағы құжаттарда "Қазақ ордасы" деген тіркес те кездеседі ("Қазақ ордасы ноғайларға қысым көрсетіп отыр"). Алтын орда, Ақ орда және Қазақ ордасы атауларындағы сабақтастықтың астарында нендей сыр жатқаны жұртқа белгілі. Жалпы Ресей империясы Қазақ ордасын аз уақытта бірден басып алып, бағынышты ете алған емес. Орыс патшаларының ұлы даланы байқауы, зерттеуі және бөлшектеу, әлсірету саясаты ұзаққа созылды. Ақыры бөлшектеп, әлсіретіп, халқы талай-талай қырғынға ұшыраған орданы шетінен, біртіндеп, жекелеп бодан етуге бет бұрды. Жоңғарлармен арадағы ұзаққа созылған соғыс та көрші империялар ұстанған сондай саясаттың салдары еді. "1537-1538 жылдардан кейін жер бетінде қазақтың ізі де қалған жоқ" деп жазыпты М. Х. Дулати. Бұл пікірді толықтай жоққа шығару қиын. Алайда қазақ мемлекеті сақталып қалды ғой. Қалай?!

V.

Қытай жазбаларында қазақтарды ертедегі Қаңлы мемлекетінің халқы деп көрсетеді. Бұған қоса Батыс өңірдегі жұрттардың көбі оған тәуелді екенін айтып отырады. Беріде, Қазақ хандығы күшейген кезеңде оның жері Дешті Қыпшақ аумағынан асып, Еділдің құнарлы алқаптарына дейін қанат жайды. Жалпы Қазақ хандығына қарасты тарихи аумақты түгендей бастасақ, онда бірнеше көрші мемлекеттердің жеріне сұғына еніп кетуге тура келеді. Осыған керісінше де жағдайлар бар. Ерте заманда қазіргі Тараз қаласын парсы ақындары жарыса жырлаған да кезең болған. Одан көп беріректе қойылған Зайсан, Кеген, Талғар, Шамалған, Боралдай, тағы басқа толып жатқан шет жұрттық атаулар еліміздің шекарасынан тым ішкері бөлігінде сақталып тұр. Ежелгі Отырар тіпті алыстағы араб мемлекеттерімен жалғасқан ғой. Түркістан тарихына бойласаң да, Қазақ орданың әр замандарда әлемді дүр сілкіндірген атышулы империялардың құрамына кіргенін, солардың біразында ұйыстырушы рөл атқарғанын, ақырында бәрінен бас тартып, Керей мен Жәнібектің қазіргі өлшеммен алғанда бір аудан тұрғындарындай аз жұртпен бөлініп шығып, Қазақ хандығының негізін қалағанын көреміз. Тағы бір көретініміз: сол кішкене хандық тарих үшін қас қағым сәт саналатындай ғана уақытта бір кезде өзі құрамында болған империялар аумағының көп бөлігін өз құрамына қосып алған. Сонда Алтын орданы, Ақ орданы империя десек, сол екеуінің негізгі мұрагеріндей Қазақ хандығын неге солай атамасқа? Оны былай қойғанда, сонау жер түбіндегі Жерорта теңізін жағалаған Осман империясының мұрагері Түркияның өзі Қазақстанды Ана жұртым деп отыр емес пе. Империялар тудырып отырған елге неге ондай дәрежені иемденбеске? Бір-біріне тәуелсіз үш хандықтың басын қосқан мемлекет екеніміз, айналадағы бірнеше аз ұлттар мен ұлыстарды мәжбүрлеусіз-ақ қанатымыздың астына алып келгеніміз кәрі тарихтың есінде шығар. Біз жоғарыда әбден тәптіштеген Орбұлақта екі қырғыз батыры неге соғысып жүр? Себебі жоңғарлар қазақ жеріне қадам басардан бұрын аз санды қырғызды жайпап өткен. Енді қырғыздарға қалған бір жол бар, ол – қазақпен бірігу арқылы еркіндікке қол жеткізу. Мына дерек те назар аударарлық. Әрі батыр, әрі ақын Қожаберген Толыбайұлы қазақ-жоңғар соғысында ұзақ жылдар бойы біріккен қазақ, ноғай және қарақалпақ жасақтарына басшылық етіпті.

Ұлы далада ғасырлар бойы мызғымай келген "малға – жекеменшік, жерге – қауымдық меншік" қағидасы ше! Бұл дамудың көрсеткіші емес пе?! Қасым ханның тұсында қазақ әскерінің саны 1 миллионға жетіпті. Бұл империяға тән емес көрсеткіш дей аламыз ба?!

VI.

Қазақ тарихшылары еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін төл тарихымызды жаңаша таразылай бастады. Бұның бір дәлелі – "Қазақ мемлекетінің тарихы" кітабы. Міне, осы еңбекте қазақ мемлекетінің бастауы Ақ орда екені шегеленіпті. Бұрын Шыңғыстың тұңғышы Жошы хан құрған Алтын ордадан оның сол қанаты болып келген Ақ орданың өз алдына бөлініп, шаңырақ көтеруі қазақ мемлекетінің бастауы емес, өмірде бар мемлекеттің жаңаша құрылымдануы екен. Көңілге қонатын тұжырым. Әйтпесе құрылғанына небәрі 550 жыл толған жаңа хандық тұрғындарының шығыс-батыс және оңтүстік-солтүстік тараптарға соншама кең жайылып, ұлан-байтақ аймақтарға қожалық етуі біртүрлі сенімсіздеу көрінетін. Ал шындығында Қазақстан аумағында Қазақ хандығына дейін де қазіргі ұлтымыздың құрамына еніп кеткен Сақ, Үйсін, Қаңлы, Қыпшақ, Керейт, Найман сынды талай бірлестік, қағанат, ұлыс және хандықтар болғаны белгілі. Сондай-ақ Батыс Түрік, Түркеш, Қарлұқ, Оғыз, Қимақ мемлекеттерінің негізін қазақтар құрамады деп айта аламыз ба? Ол мемлекеттер аспанға ұшып кеткен жоқ қой. Қайсысы да өзінен кейінгі мемлекеттің іргесіне кірпіш болып қаланды, сөйтіп

ИМПЕРИЯСЫ

тіл ұшына қайта-қайта орала берді

өмірін ары жалғастырды. Бұндай қалыптасу, яғни бір текті емес, көп текті ұлт-ұлыстарды біріктіру тарихы империяға тән құбылыс болса керек.

Біздіңше, Орбұлақтағы шайқас та Қазақ хандығының әр кезеңдерде империя деңгейіне көтеріліп отырғанын көрсетеді. Осы алапат соғыстың қарсаңында Батур қонтайшы оннан аса ұлысқа бөлініп жатқан жоңғарлардың басын қосып, "Дала ережесі" атты заң қабылдап, ел іргесін бекітіп алады. Содан соң басқыншылық соғысты бастайды. Орыс деректерінің айтуына қарағанда, "Батур қонтайшы алдымен қырғызды талқандайды. Тоқмаққа дейін жетеді. Бұл заманда қырғыз халқы Қазақ ордасының бір ұлысы еді. Ел шетіне жау тигенін естіген Жәңгір сұлтан қарсы аттанады". Жәңгір хан басқыншы жоңғар әскері қазақ жеріне кірместен бұрын қарсы аттанып, біраз дайындық жүргізген. Орбұлақтағы шайқасқа қырғыздардың да белсене қатысуының сыры осыдан мәлім. Ал енді жау аяғы жетпеген, жете қоймайтын сонау Самарқаннан Жалаңтөс баһадүр қазақ ханы шақырды екен деп, қандастарым ғой деп қана көмекке ұмтылмаған шығар. Тек осы екі жай ғана себеп болса, өзбектің жоғары билеушілері міндетті түрде қарсылық білдіретіні анық. Бұл арада қуатты көрші мемлекетпен санасу, оны мойындау, ертең күнім қалай боладыны ойлау да бар екені талассыз. Тарихта күшті елдің өзінен әлсіз елге нақты әскери көмек көрсетуге ашық шығуы кездесе бермейді. Бұл орайда қазақ империясының беделі жұмыс істеп тұрған болар.

Жарайды, шет жұрттар мойындасын, мойындамасын – онда тұрған дәнеңе жоқ. Қазақтардың өздері ше? Байқасақ, қазақтар әрқашан өз күшіне сенген, өзінің мықтылығын мақтаныш етіп, айтып отырған. Жас ұрпақты осындай рухта тәрбиелеген. Сондықтан шығар шетелдік өкілдер "Қазақтар соғыста не жеңеді, не өледі" дейді екен. Яғни әрқашан ұлттың патриоттық сезімі жоғары болған. Елі мен жері үшін жанын пида етуге дайын тұрған. Қарасай батыр "жауға шабайық" дегенде біреулер "Қыс ортасында жауға шабар қол қайда, жауға жеткізер жол қайда?" деген көрінеді. Сонда батыр: " Қазақ баласының бәрі қол емес пе, қазақ даласының бәрі жол емес пе" депті.

Өз мемлекетінің жай хандық емесін қазақтар сезбеді, білмеді деймісіз. Білгенде қандай! Біліп қана қоймай, орнымен мақтан еткен. Ол ауыз әдебиетінің үлгілерінен де көрініп тұр. Көпшілікке белгілі Сүйінбай мен Қатағанның айтысына көз жүгіртейікші. Қырғыз ақыны еліндегі бірлі-жарым байманабын ауызға алып, жарылардай мақтанатыны бар. Сонда Сүйінбай үш жүздің ірі-ірі руларын санамалап, солардың әрқайсысын бір елге балап, бастырмалата төкпелейді. Мазмұнын бүгінгі тіл мен түсінікке сай әңгімелейтін болсақ, дербес үш хандығы бар, ірі-ірі бір-екі рулары бірігіп, көрші мемлекеттермен тайсалмай соғыса беретін Қазақстанды империя мәртебесіне дейін көтеріп тұр:

... Одан бері Ыстым бар,
Алатаудай күштім бар...
... Одан бері Сіргелі,
Ол да бір жұрт іргелі...
... Төрт Дулаттың баласы,
Күннің көзін жасырған...
... Арғын деген сансыз ел,
Қоныс қылып жайлаған,
Дүниенің жарымын...
... Кіші жүзге жетейін,
Елімнің қандай екенін,
Түсінген шығар көкейің...
... Толып жатқан көп қазақ,
Көк пен жердің арасы...



Бабалар рухына құран бағыштау

VII.

Салқам Жәңгірге дейін билік құрған 13 қазақ ханының алтауы жорықта, соғыста, жекпе-жекте қаза тауыпты. Салқам ханның да жазмышы дәл сондай болды. Хандардың қолынан қылыш түспеген замандарда қарашаның қандай күй кешетіні айтпаса да түсінікті. Жылдар емес, ғасырлар бойы ат үстінен түспей, елін, жерін қорғаудан қолы бір босамаған қазақты неге басқа империялар сияқты тарихи жеңістеріңді хатқа түсірмедің, қорған соғып, қала салмадың деп жазғыру орынсыз шығар. Соғыстан енді көзім ашылды ма дегенде бодандыққа түсіп қалды. Бодандықтан құтылдым ба дегенде социализмге шырматылды. Сырттан жұққан, қанында болмаған жаман әдеттер аяғын тұсады... Әйтеуір "мың өліп, мың тіріліп" жүрсе де дінін, ділін, тілін, ұлттық болмысын сақтай білді. Енді соған шүкіршілік етіп, кешегі асқақ рухымызды, ұлттық ерекше кодымызды қайта жаңғыртуды қолға алдық. Әркімге жалтақтаумен күн кешкен хандықта асқақ рух бола ма? Тәуелсіз елді қызықтыратындай ұлттық код ше? Н. Назарбаевтың біраз жыл бұрын "Қазақ тарихында қазақ ұялатындай ештеңе жоқ" дегені есте. Осы сөзімен, рухани жаңғыру туралы идеясымен Елбасы қайда нұсқап тұр? Өткен жолымызға қарағыштап, сол жақтан бүгінгі қарыштап алға кетіп қалған уақыт сынына төтеп бере алатындай үлгі-өнеге іздеуіміздің сыры неде? Демек өткеніміздің бәрі бүгінгі биігімізден төмен жатпағаны ғой. Өткен тарихымызда асыл текті ата-бабаларымыз бағындырған заңғарлар да бар екен-дағы...

Егер біз жоғарыда мысалға келтірген Сүйінбай ақынның өлең жолдарын саяси-қоғамдық баяндама тіліне аударар болсақ, "Сен бар болғаны шағын ғана автономиялық аудансың, ал мен азуын айға білеген алып империямын" дегенге саяды емес пе. Жалпы қазақ хандары мен билерінің, батырлары мен ақындарының егес пен тайталаста, кімнің кім екені айтылуға, салыстыруға тиіс сәтте, таразы мен талқыға салынар шақта Сүйінбайша шалқып сөйлейтіні дәстүрге айналған. Тіпті арыға бармай, бүгінгі шешендеріміздің өзі ә дегеннен "Атыраудан Алтайға дейін" деп бастамай ма сөзінің біссімілләсін. Шындығында солардың көкейінде Атырау мен Алтайдың арғы жағы да қосарланып тұратыны әр қазаққа түсінікті.

Себебі кеңес өкіметі орнағанда қазақ жерінің солтүстік бөлігі Ресей Федерациясы құрамындағы Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасына, оңтүстік жағы Түркістан Республикасының құрамына енді. Екі республиканы да қазақтар (Т. Рысқұлов, С.Сейфуллин, Н. Нұрмақов) басқарды. Кейінірек қазақ жері біріктіріліп, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы құрылды. Бірақ осы екі ортада В. Ленин заңдастырып берген Қазақстан аумағы біраз жерінен (Орынбор қаласы мен губерниясы, Қарақалпақстан, тағы басқалары) айырылып қалды. Владимир Ильичтен кейін Одақты басқаруға келген Бас хатшылар (И. Сталин, Н. Хрущев, М. Горбачев) Ұлы даланы бөлшектеп, жан-жаққа таратуға құмар болды. Осы арада мына жайды айта кеткен артық болмас. әсіресе 1937 жылғы қазақ азаматтарының басына төнген жосықсыз қуғын-сүргінге дейін қатары онша селдірей қоймаған Қазақ Үкіметінің қайраткерлері ерекше табандылықпен, айрықша ұлтжандылықпен жұмыс істеді. Ішкі Ресейден бері ауған қара шекпенділерді тоқтатып, қазақтарды құнарлы жерлерге қайта орналастыру бағытында батыл күрес жүргізді.

"Империя" терминін әлемнің қалай түсінетіні белгілі жай. "Империя" терминін біз қалай түсінеміз? Біздіңше ол ру-тайпа, жүздердің, жалпы қазақтың бірлігі; алты Алаш балаларының бірлігі; түркі тектес халықтар бірлігі; мұсылман халықтар бірлігі; көрші елдермен татуластық достық қарым-қатынас; жақын да алыс елдерге деген ашықтық...

Бір атап өтерлігі, демократияға негізделген империя – құрылым туралы идея қазақ биліктегі тұлғаларда қашанда болған. Қиын-қысылтаяң кезеңдердің өзінде Алашорда, түркі тұтастығы идеяларының алға шығуы осы сөзімізге куә. Әлем қай нәрсені де атына емес, затына қарап бағалайды. Ендеше "Қазақ хандығы" деген атына емес, сол хандық емін-еркін жайлаған ұшы-қиырсыз ұлы далаға қарап баға берсек, тіл ұшына қандай термин оралар еді? Бәрін айт та бірін айт, мемлекеттігі хандық дәрежеден аспаған халықтардан Ә. Бөкейханов, Т.Рысқұлов, Н. Назарбаев сынды әлемдік деңгейдегі саяси тұлғалардың шыға қоюы неғайбыл.

Жалпы "Қазақ хандығы" деп қарапайым ғана аталатын ел-мемлекеттің арғы-бергі тарихына қатысты деректерді, ой-пікірлерді, баға-бағамдарды саралап, ауыз және жазба әдебиетіндегі он-сан өлең-жырларды, аңыз әңгімелерді бүгінгі танымтүсінік тұрғысынан талдап байқасақ, біреуге тізе батыратын емес, бірлікке, достыққа шақыратын империя көз алдыңа келіп тұра қалады. Жазбай танисың: Қазақ империясы!

Захардин ҚЫСТАУБАЙҰЛЫ.



Әбдінағым КӨШЕРОВ,
«Маңғлы ханзадасы», «Дүрбелең», «Үш батыр» тарихи романдарының авторы

ДОМАЛАҚ АНА:

*«... слова **домуллах** в Средней Азии употребляется также при обращении к человеку образованному как особая форма выражения уважения и почтения...»*

Бұл түсініктеме XIX ғасырда жазылған Ибадулла мен Мұхаммед Шариптың «Тауарих-и Амир Хайдар» кітабынан алынды.

* * *

Қасиетті Нұрила анамыз туралы 2004 жылы «Оңтүстік Қазақстан» газетінде (№100, 13.07.04) «Домалақ ана шынымен домалақ болған ба?» атты қысқаша мақала жариялаған болатынмын. Ол мақаланы оқырмандар оқыған да болар. Мақала ешкімге әсер етпеді ме, әлде оқыса да мән бермеді ме, әйтеуір сол «баяғы жартас – бір жартас» Нұрила анамызды әлі «Домалақ ана» деумен келеді. Біреуді сынағанда оның кемшілігін айтып, «ұзынтұра, тапал, төртпақ, сопақ, домалақ» деп кемсітеді. Бұл қасиетті Нұрила анамызға жарасатын ат емес. Сондықтан бұндай атты баяғы ілгеріректе өткен мезгілдерде бір қиямпұрыстың көре алмай жолдан қосқан, бұрынғы «домуллаһ» атын әдейі өзгертіп айтып, елге жайғаны даусыз. Ол аз болғандай кейінгі кезде «Домалақ ана» деген есім «парсының «Диһнат маме» деген сөзінің өзгерген қазақшаланғаны» деушілер шыға бастады. Тіпті Нұрила ана кесенесіне барған шетелдік саяхатшыларға солай деп түсіндіріп те жүр...

Бұл өңделіп, толықтырылып қайта жазылған мақаланы оқығандардың арасынан жақтаушы да, қарсы да пікір білдірушілер көптеп шығулары мүмкін. Сондықтан мақаланың аяғына дейін шыдап оқып көріңіздер:

...Сонау-у, өткен әлимсақтан бергі көне заманды өз көзімен көріп келген тірі пенде жоқ. Сонда да сол заманда өмір сүрген ата-бабалардың айтып, жазып, сызып кеткен теберіктерін ақтара зерттеп, оның әрбір үтір, нүктесіне үңіліп, қалабарды кемшіндеу тұстарына жорамал жасап, ақиқатқа дәл келер тұжырым айту зиялы да, ұлттық сезімі бар әркімнің-ақ парызы деп білген жөн. Сонда пікірталас туар еді. Ал айтыс-талассыз шындыққа жету де мүмкін емес. Бірақ та шындық осы екен деп, не болса соны айтып, ділмарсу да жараспас. Оралымды ойға – тыңдар құлақ әрқашан табылары шындық.

Ақпарат кеңістігінде небір қилы тарихи дүниелер өріп жүр. Сол дүниелер арасында қасиетті Нұрила анамыз хақында да ақпараттар «жетіп артылады». Және олар бірінен бірі айна қатесіз көшірілген мақалалар. Тіпті ішінара студенттерге арналған курс жұмыстары, жоғарғы сыныптарға арналған зертхана жұмыстары да бар. Солардың бірінен үзінді келтірейін:

«...Домалақ ана қазақ даласына **VII ғасырда** *жеткен Араб халифатының әскери өкілдерінен бұрын бейбіт мақсатпен келген, ислам дінін уағыздаушыларының бірі болған араб* **дегдарының** *қызы. Өзі де елді имандылыққа шақырып, жас кезінен сәуегейлігімен танылған. Осындай игі ісімен, тартымдылығымен Бәйдібек бабамыздың назарына іліккен. Шайқы Мизамбекқызы, Нұрила – қазақ халқының абыз аналарының бірі,* **6-7 ғасырда** *өмір сүрген. Бәйдібек батырдың үшінші әйелі Албан, Суан, Дулаттың анасы. Шын аты – Нұрила, өзгені де баласындай көрген төңірегіне аналық мейірімін шашқан барынша кішіпейіл, алдағы күннің жайын ойлап, айтар сөзі ақихатқа айналған болжампаз, көреген қасиетін құрметтеген ұрпақтары сол заманның өзінде-ақ оның атын атамай,* ***жаратылысынан бойы аласа болғандығына қарағанда «Домалақ ана», «Домалақ ене» атап кеткен.*** *Нүрила – Мақтым Ағзам қожаның немересі. Мақтым Ағзымның жалғыз ұлы Әли-Сылан ержүрек батыр болды. Әкесі әскерден келмеген, анасынан тағы айырылған Нүрила нағашы атасында тәрбиеленеді. Домалақ ананың өмірі, адамгершілігі жайында кезінде Әбілқазы Баһадүрхан жазған. Оның «Инсаният-и диһнат маме» деген сол кітабы араб, парсы, түркі тілдерінде басылады. Иранның «Даролфонуи» кітапханасында 1653 жылғы басылымы әлі сақтаулы. Домалақ ананың қадір-қасиеті ертеденақ танылған».*

«...Домалақ ананың елге ақылдылығымен, даналығымен, тазалығымен аты шыға бастағаны осы кез еді. Оның даналығы, әулиелігі, тапқырлығы жайындағы әңгімелер ел арасында кең тараған. Соның бірі – «Домалақ ана» атауы жөніндегі ел аузында айтылатын аңыз. Ел ішіндегі деректерге қарағанда Домалақ анаға «Диһнат мама» деген атауды түп тегі түрікпен Қара Қайдар деген кісі оның даналығына тәнті болып қойған екен. «Диһнат мама»-парсы сөзі. Қазақ тілінде «Әулие ана» деген мағана береді. ***«Диһнат мама» сөзі уақыт өте келе тілдің даму заңдылығына орай дыбыстық өзгерістерге ұшырап, «Домалақ анаға» айналған.*** *Домалақ ана ел арасындағы даулы мәселелерге араласып, бітімгершілікпен шешімін табуға өз үлесін қосқан. Домалақ анадан ұрпақтарының бәрі де білімімен, ақылдылығымен ерекшеленіп, ел билеген».*

«...Құдай оңдасын, әруақ қолдасын, Адал жүріп, адал тұрыңдар. Алдарыңнан жарылқасын! - деп, оң батасын береді. Осы кезде әлгі қарақшылардың бастығы: - Диһнат мама! - деп оған тағзым етіпті. - Сіз маған шын ана болдыңыз? Құдай-ақы, нағыз әулие, киелі ана екенсіз, біз енді түсіндік! Бұл Қара Қайдар аталып кеткен қарақшылардың бастығы түркімен жігіті екен. Оның шын аты Айдар Нүркелеұлы еді. Кезінде Қызыл Қожаханның әскербасы болыпты. ***Ол өле-өлгенше Нүриланы "Диһнат мама" деп, Боралдайда болса Боралдайға, Ташкентке барса Ташкентке, Түркістанда жүрсе Түркістанға әдейі барып, сәлем беріп, Нүриланың батасын алып жүретін боптыжұмысы оңғарылып, ақ жолға түсіпті. Міне, содан былай карай Бәйдібек бидің кіші әйелі Нүрила "Домалақ ана" аталып кетіпті».*** *Аққұс Сатыбалдыұлы (1806-1897) жазған шежіреде бұл оқиға осылай хикая етілген. Бұл шежіре кітап 1841 жылы Ташкент баспасынан жарық көрген. Бәйдібек баба, оның үш әйелі, олардан өсіп таралған ұрпақтар, әсіресе Домалақ ананың әулиелік керемет қасиеттері жөнінде жазылған бұл шежіре Аққұс ақсақалдан бұрын Әбілғазы Баһадүрдің "Инсаният Диһнат мама" аталған кітабында жазылған. Бұл кітапты кезінде атақты Төле би оқып, баласы Қожабекке көшірткен. Ол қолжазба 1713 жылы Ташкентте Төле бидің жарлығымен басылып шыққан. Оны Төле бидің жиені Шина Қарабатырұлы көшіріп алып, Бабасейіт әулетіне таратқан. Одан бүткіл Дулат ұрпағына жайылып кеткен».*

Осы бір ғана мақаладағы жазылғандарды (ғаламторда дәл осындай бірібірінен көшіріліп, одан қалаберді өздерінше қосып басылған мақалалар өте көп) зерделеп, ақылға салып, ғылыми фактілерге назар аударар болсақ мынадай жағдайларды айта кету артық болмас. Ең әуелі естен шықпас басты мәселе Домалақ анадай қасиетті адам туралы «болсын-болмасын» әртүрлі, шындыққа жанаспайтын нәрселерді айта беруге болмайтын шығар. Себебі бұл кісі бір отбасының не бір әйгілі адамның ғана анасы емес, бұл кісі қазақ ішіндегі бесалты рулы, іргелі елдің анасы болып есептелінеді. Қалаберді әрбір қазақтың құрмет тұтар қасиетті анасы.

Жоғарыдағы мақалада: *«...Домалақ ана қазақ даласына VII ғасырда жеткен Араб халифатының әскери өкілдерінен бұрын бейбіт мақсатпен келген, ислам дінін уағыздаушыларының бірі болған араб дегдарының қызы»* делінген анықтама шындыққа келмейді. Себебі жоғарыда *«...Нүрила – Мақтым Ағзам қожаның немересі.»* деп көрсетеді. Бұл сөздер біріне бірі қарама-қайшы болып тұр. Себебі, бұл кездері «қожа» қайда, «араб» қайда, «дегдар» қайда? Ташкент қайда, Шаш қайда? Түркістан қайда, Яссы қайда? Осы, YII ғасырда Араб халифатының әскери өкілдерінен бұрын бұл маңайға ислам дінін уағыздаушылар келген емес. Исламды бейбіт жолмен уағыздаушылар X-XI-XII-XIII ғасырлардағы аласапырандардан кейін келе бастаған.

Жалпы, «дегдар» дегендері кімдер, арабтардың бәрі қожаға жата ма, қожалардың бәрі арабтан шыққан ба? Әуелі осыларды анықтау үшін тарихи құжаттарды ақтарып көрейік.

Тарихта Ислам YII ғасырдың жиырмасыншы жылдарында Сауд Арабиясының территориясында пайда болып, олар сол дінді әлемге тарату үшін ең әуелі өздеріне көрші елдер болып табылатын Сирия мен Месопотамияға (қазіргі Ирак жеріндегі көне мемлекет, қазақшасы Өзен аралағы, яғни Ефрат пен Тигр арасындағы) 634 жылы басып кіреді. Одан соң 640 жылы Мысырды, 644 жылы Исфаханды, 647 жылы бүкіл Солтүстік Африканы, 649 жылы Кипрді, 652 жылы Жуздан мен Тохаристанды, 654-668 жылдарда Меймургке, Балх пен Хорезмге, Кавказға, Каспий жағалауындағы Дербентке шабуыл жасап, Пенжаб пен Халкедонды алады. 671 жылдан келесі YIII ғасырдың басына дейін Мервті (Түркіменстандағы Мары қаласы), Герагты, Константинопольді (қазіргі Стамбул), Пайкентті (қазіргі Бұхара шаһарының құландысы, Афрасияб салдырған көне қала), Хорасан мен Мауереннахрды, Византияның бір бөлігін, Хазарстанды (Дербентті) түгелдей, Соғдианаңың астанасы – Кешті (қазіргі Қашқадария уалиятындағы Шаһрисәбіз шаһары), Сурһан-Дариядағы Наһшаб шаһарын (қазіргі Термиз) басып алады. Дәл осы шаһарда араб әскерлерінің бас қолбасшысы Абдаллах ибн Хазим шейіт болады да оның орнына Кутейба ибн Мүсілім отырады. Міне, осы қолбасшы қазіргі Бұхара облысындағы Ромитанды ірі шабуылмен алып, соғдылықтар мен түркіттерді және ферғаналық түркілерді кері ығыстырғасын әскерінің бетін Шаш (қазіргі Ташкент) шаһарына қарай бұрады. Бұл 707 жыл еді, яғни YIII ғасырдың басы.

Кутейба ибн Мүсілім мен оған қарсы соғды, түркіт, түргеш әскерлерінің арасында 707 жылдан 712 жылға дейін қыр-

тін қыпшақтар, бұлғарлар, қарлықтар, түркіттер, қаңғарлар (қаңлылар), ғұздар, басмылдар, ұйғырлар, қидандар және Тибет болып өмір сүрді. Олардан басқа әртүрлі тайпалар тұратын Хорезм мемлекеті болды. Түркілердің көршілері – түркі емес мемлекеттер – Қытай, Угорь, Хуттал, Халифатқа кіретін Соғдиана, Парсы аймағы (Хорасан, Мазандаран, т.б).

Осылардың ішіндегі біздің ата-бабаларымыз деп есептейтін түркі, әсіресе қазіргі қазақтың ішіндегі және оған жақын халықтар қай жерде тұрды, соны екшеп көрейік. Қазақ тарихын айтқанда жоғарыда көрсетілгендердің ішінде ең әуелі есімізге түсетіні қаңлы мен қыпшақ. Одан кейін қарлықтар, түргештер, оғыздар, түркіттер, көк түріктер, ғұздар. (Осы ғұздар да бәлкім оғыздар болар, бұлар қазақтың кіші жүз тайпаларына тән). Басмылдар мен қидандарды қазаққа жақындату қиындау. Ал енді біздің руымыз алғашқыда осылардан шыққан деп айтар біреулер шықса олардан кешірім өтінемін.

Қыпшақтардың сол ғасырлардағы мекені: батысы Тобыл өзенінің шығыс қапталының орта шенінен, теріскейі қазіргі Омбы қаласы маңы, Құлынды даласының Бараба даласына шекаралас жері, шығысы жазықтың Алтайға тірелген жері, түстігі Қарқаралы таулары болыпты.

Қаңлылардың шекарасының батысы Орал өзеніндегі Угорлар елі, теріскейі Қыпшақтар, шығысы Торғай өзені, түстігі Арал мен Үстірт болыпты.

Қарлықтар – қазіргі география ғылымы бойынша «карлуктар». Оларға ұйғырлар мен өзбектерді жатқызады. Бұлай кесіп айтуларына келісуге болмайтын сияқты. Себебі «қарлықтар» деп түркілердің бір бөлігі Алтайдан Көк Түрік жеріне, яғни Пекче (қазіргі Солтүстік Корея) патшалығына көршілес аймаққа көшіп бара жатқанда олардың соңғы легі қыста қар астында (Верхоян жотасы) қалып қояды. Олар келесі көктемде діттеген жерлеріне жетеді. Оларды алдыңғы барған түркілер «қарлықтар» деп атапты. Орыстар пәкене бойлыларды «карлик» дейді. Қар астында қалатын адамның бойы кішкентай болады деген пайымдаудан шыққан ұғым болар.

Сонымен Қарлықтардың YII-YIII ғасырлардағы шекарасы батысы Қыпшақ елі, теріскейі Томь өзенінің бастау алатын маңайы, яғни қазіргі Новокузнецк, Барнауыл қалаларының белдеулігі, шығысы Қазақ Алтайының Монғол Алтайына ауысар жердегі Қобда өзенінің батыс беткейі, түстігі Зайсан көлі.

Түргеш қағанатының шекарасы: батысында оғыздар теріскейінде Қыпшақтар мен Қарлықтар, шығысында Басмылдар, сәл төменірегінде Қытайдың «Бәйтін» провинциясы. Түстігінде «Ди Ван» провинциясы. Жер жағдайымен айтар болсақ, батысы қазіргі Жамбыл облысы мен Оңтүстік Қазақстан облысының шекарасы, теріскейі Балқаш көлінің сол-

ДЕРЕК ПЕН ДАҚПЫРТ

түстігіндегі Ақтоғайдан Мойынтыға дейін, шығысы Алакөл, түстігі солтүстік Қырғызстан Ыстықкөлмен бірге, Хан Тәңірі шыңына дейін. Ал енді осы Түргеш қағанатының тұрған жерін қазақы тілде айтар болсақ ол – Жетісу өлкесі.

Картада Оғыздар қазіргі Жезқазған аймағындағы Ұлытау, Кішітау (Қарқаралы), Ақтөбе облысының Шалқар ауданы, Бетпақдала, Мойынқұм, Теріскей Қаратау, Қызылорда облысын түгелімен алып жатыр.

Қазіргі Қарақалпақстан, Түркіменстан және Хорезм облысы Хорезм патшалығының қарамағында болыпты.

Гұздар Маңғыстау, Атырау облысының жерінде орналасыпты.

Ал Оңтүстік Қазақстан облысы Күнгей Қаратауға дейін, Ферғана аймағы, Ташкент облысынан Түркіменстанның қазіргі Түркіменабад облысы шекарасына (бұрынғы Чарджоу) дейінгі жерлер, түстігінде ауған (Хуттал) шекарасына дейін Қытайдың «Ди Ван» провинциясы жатыр. Бұл провинцияның ішінде әрине Соғдиана мен Мауреннахр бар.

Арабтардың Орта Азияға келуі Қытай империясының осы «Ди Ван» провинциясынан айрылуына әсер етті. Онсыз да азаттық үшін осы аймақ империямен толассыз соғысуда еді. Оның үстіне Қытай осы бір бай өлкеден айрылып қалмау үшін осында тұратын халықтарды біріне бірін айдап салу әдісін де қолданғанды. Осымен бірге кейде сырттағы қағанат әскерлері де осында жаулап алушылық әрекетпен келіп тұратын. Мұның дәлелі мұнда арабтар келгенде де түркіттер мен түргештер бірімен-бірі соғысуын үдетпесе, тоқтатқан жоқ. Майдан үш жақтап, кейде империяның араласуымен төрт жақтап болып жатты. Оның арасында Соғды мен Хорезм, Тибет пен Түргеш соғыстары да жиі болып тұратын. (Л. Гумилев, «Көне түркілер»). Дегенмен арабтардың келуі мұндағы жағдайды түбегейлі өзгертті. Бұл жер империя қарамағынан шығып, енді соғыс жер үшін емес, дінаралық айқасқа ұласты. Мұны сезген империя араласуын доғарып, шамандық, тәңірлік сеніммен ислам арасындағы соғысты бақылаумен болды.

Кутейба ибн Мүсілім о дүниелік болғаннан кейін ғазауат соғысы Шаш шаһарының (жоғарыда мақалада айтылған Ташкент сөзі бұл кезде тарихта жоқ) төңірегінде тоқтап, одан әрі шығысқа өрбімей, ислам Мауреннахр, Соғдиана, Хорезмде, Балх пен бірге бүкіл Тохаристанда өмір сүру үшін зорастр, отқа табыну, пұтқа табыну (идолопоклонство), будда, брахман, шаман, христиан, манихей, иудей діндерімен күреспен арпалысып жатты. Дегенмен исламның ықпалы осы аймақтарда өте зор болды. Жойылып кетпеді. Ал Шаш маңайында өрбімеді. Себебі Түргеш қағанатының қағаны Сұлу (715-738) өзінің жер қайысқан әскерімен 723 жылы Ферғана қарлықтарымен тізе қосып Шаш шаһарын арабтардан тартып алған еді. Арабтар оны Әбу Музахим (Сүзеген) деп атапты. Оны 737 жылы өз тарханы (әскери қолбасшы) өлтіреді.

Ферғана, Шаш, Шабгар (кейінгі аты Яссы, одан кейінгі аты Түркістан, бұл шаһардың да атын жоғарыдағы мақалада дұрыс көрсетілмеген), (Шабгардың арабша аты Жауһар, себебі осы өңірден Жауһари аттас көптеген шығыс ғұламалары шыққан) аймақтары шаман, отқа табыну, тәңір дінімен қалып қойса да империя қарамағанынан шығып шаман, тәңір және христиан дінді Түргеш қағанатына қосылған. Бірақ бұған әрине Қытай императоры көнбейді. Енді ол Түргеш қағанатына тыныштық бермейді. Арада соғыс үзілмейді. (Л. Гумилев, «Көне түркілер»)

749 жылы Қытай әскербасы Гао Сяньчжи ауыр әскермен келіп Шаш қаласын басып алып, ондағы түркіт басшысы Мохатты дарға асады. Сосын Таразға қарай жылжиды. Бұдан хабар алған Пайкандтағы (арабтар шаһарды алысымен Пайкандты Бұхара деп, Мараканданы Самаркканд деп өзгерткен) халифат уәкілі Әбу Мүсілім йемендік атты әскерді басқарушы Зияд ибн Салихтың қолбасшылығымен қытай әскеріне қарсы ауыр қол аттандырады. 751жылы Түркібасыдағы Құлан өзені жағасында болып, екі жақтан екі жүз мыңнан аса жауынгер қатысып, бес күнге созылған бұл шайқаста арабтар қытай әскерін тас-талқан етіп жеңеді. Оның басты себебі сол бесінші күні қытай әскерінің арқа тұсынан қарлықтар келіп тиіскен еді. Қыспақта қалған қытай әскерінің сау қалғандарына қашудан басқа амал қалмаған. Арабтар мен қарлықтардың бұл жеңісі қытайлықтардың бұл өңірге келуін мың жылға тоқтатты. Көптеген жауынгерлерінен айырылған арабтар да бұл жерге тұрақтамай Шашқа шегініп кетті.

Түргеш қағаны Сұлу қаза тапқаннан соң ел екіге, яғни сары түргеш және қара түргеш болып бөлініп қаған сайлай алмай жатқанда Алтай мен Тарбағатайдан қарлықтар келіп Жетісуды жаулап алады. 756 жылы түрік тілді қарлық тайпаларының әрекетінен түрік тілді Түргеш мемлекеті құлады. Қарлықтардың бұл жерге толық иелік етуі олардың 766 жылы Түргеш Қағанатының үлкен астанасы Суябты және кіші астанасы Таразды алғаннан соң басталады.

Олардың артынша-ақ Тан династиясы құлап, «Бәйтін», «Ди Ван» провинциялары жойылып, Қошқар-Тұрфан аймағында (Шығыс Түркістан) ұйғырлар тәуелсіздік алады.

Міне, осыдан соң YIII ғасырдың екінші жартысынан Орта Азияны исламдандырудың екінші кезеңі басталған еді.

Осы кезеңде Хорасан, Мауреннахр, Соғдиана мен Парсыда хадисты толық білетіндер мен оны уағыздайтындар, хадисты кітапқа түсірген ислам қайраткерлері тарих сахнасына шыға бастады. Олар: Әбу Ханифа (699-767), Әбу Мүсілім (-755), Мұхаммед әл-Бұхари (810-870), ат-Тирмизи (--IXғ.аяғы), Баязид Бестами (--874). Бұлармен қатар исламның елге тарауына және толық орнығуына осы елдерді басқарып отырған жергілікті басшылардың, атап айтқанда Таһиридтердің (821-873), Сафаридтердің (873-903) одан соң Саманидтердің (875-999) династияларының зор ықпалы болды.

Орта Азияны исламдандырудың үшінші кезеңі IX ғасырдың басында басталады. Үшінші кезең Орта Азиядағы түркі жұртынан бастау алады. Бұл кездері Шаш пен Ферғана аймақтарындағы кейбір шаһарлар болмаса, түркі жұрты әлі исламның не екенін толық білмейтін еді. Осы кемшілікті толықтыру үшін халиф Әл-Мамун өзінің Хорезмдегі өкілі Фадл ибн Сахылды 812-817 (Бұл қолбасшының «Зу-р-рийасатайн», яғни екі тудың иегері деген атағы бар еді.) жылдар аралығында Фараб (кейінгі Отырар) аймағына жорыққа жібереді. Осы аймақта түркі нәсілінің үлкен бір тобы Тоғыз Оғыз халқы жайлайтын. Олар YIII ғасырдың аяғында Хорезмге қарасты бұл жерлерді аласапыран соғыспен тартып алған еді.

Арабтар бұл жерге келгесін Оғыздардан Фараб шаһарын тартып алумен ғана шектеледі. Жорықты одан әрі жалғастыра алмай осы маңға исламды түпкілікті орнатып, медреселер салғызып, қаланы гүлдендіреді. Болашақта аты әлемге әйгілі данышпан Әл-Фарабидың ғылымға келуіне, Фарабтағы (Отырардағы) келешекте атақты кітапхананың болуына осы жорық себеп еді.

X ғасырдың басында Халифаттың яғни исламның солтүстік шекарасы түркілер мен иран тайпаларының шекарасы болып есептелді. Яғни әлгі мақаладағыдай YII ғасырда қожалар жүргендей емес, керек десеңіз X ғасырда түркі тайпалары әлі де өздерін мұсылманбыз деп есептемеген. Расында бұл ғасырда түркінің Сырдария жағалауындағы Оғыз жерінде орналасқан кейбір колониялы (отарланған десе де болады) Жаңакент, Фараб, Хувара шаһарлары болмаса, жаппай көшпелі халқы исламды әлі толық қабылдамаған еді. Тарихи құжаттарда: «*..Еще арабские географы X век описывают турок как народ, совершенно чуждый исламу и находящийся во вражде с мусульманами, хотя в это время положение уже начало изменяться»* деп, сол кездегі түркі әлемінің исламға көзқарасын айтады. Бірақ бұл жағдайға қарамастан ислам діні солтүстікке қарай жайлап жайыла бастайды. Бұл ретте бағанағы қарлықтардың құрған қарахан мемлекеті туралы айта кетуге болады.

Қарлықтар Түргеш қағанатын құлатқаннан соң өздері Қарлық мемлекетін құрып, одан соң бір ғасыр шамасындай уақыт өткенде, яғни 840 жылы оның алғашқы қағаны Қарахан әулетінен шыққан, қарлықтардың жабғысы (ябгу – хан мағынасында) Білге Күл-Қадыр болады. IX ғасырдың бел ортасында арабтар әмір Нұх ибн Асадтың басшылығымен Исфиджаб деп өздері сырттай ат қойған қазіргі Ордабасы, Төлеби, Сайрам, Түлкібас аудандарының аймағын жаулап алу ниетімен жорыққа шығады және бұл аймақты халифатқа бағындырады. Бұл маңайда іріліұсақты он алты кент болған екен. Бірақ бұл аймақтағы дала тұрғындары түгілі кенттегі қалалықтар да ислам дініне мойын ұсынып кете қоймайды.

Енді осы жерде қоныстанатын қарлықтар туралы да айта кетейік.

Қарлықтардың бұл жерге толық иелік етуі олардың 766 жылы Түргеш Қағанатының үлкен астанасы Суябты және кіші астанасы Таразды алғаннан соң басталған-ды.

Қарахан мемлекетін негізгі қарлықтардың екі тайпасы – шығыл мен яғма одағы құраған. Сонымен қатар олар Батыс және Шығыс қағандығына бөлінген. Бұлардың жолы үлкені Шығыс қағаны еді. Шығыс қағандығының орталығы Қошқар аймағындағы Баласағұн (Қырғызстанның Тоқмақ қаласына жақын Бөрене көне құландысы) шаһары болды. Оны басқарушы шығыл тайпасынан Арслан Қарақаған еді. Ал Батыс қағанатын кіші қаған, яғни яғма тайпасынан шыққан Бура Қарақаған басқарды. Оның орталық шаһары Тараз еді.

Батыс Қарлық қағанатын Оғұлшақ басқарып тұрған кезде қағанат пен халифат арасында қатты соғыс болды. Ол кезде халифаттың Орта Азиядағы әмірі саманид Исмаил ибн Ахмет еді. Ол 893 жылы Таразға жорық жасайды. Бұл соғыс екі ел арасында көп уақытқа созылып ақырында қараханидтердің саманидтерді жеңуімен аяқталады да Қарахан мемлекетінің шекарасы Әмудария өзеніне дейін кеңейіп, астанасы Самарқан болады.

Бірақ бұл жағдай Шам елінде отырған халифке ұнамай, Орта Азияға жаңадан араб әскерлерін жібереді. X ғасырдың орта тұсында Орта Азияға Әбді-ар-рахым бастаған араб әскерлері кіреді.

Бұл туралы Қожа Ахмет Ясауидің әкесі Ибраһимнің Садыр деген баласынан тарайтын шөбересі маулана Сайфуддин Орын Қойлақидің “Насабнамесынан” үзінді оқып көрейік:

«…*Әли Мұртазаның* (Әзіреті Әлі, төртінші халиф, Мұхаммед пайғамбар салаллаһу-ғалейкі-саламның туған қызы Фатиманың және өкіл қызы Ханафияның күйеуі) *перзенті Имам Мұхаммед Ханафияның* (Ханафиядан туған ұл) *екі ұлы бар еді. Олар Әбді әл-Маннан уа Әбді әл-Фаттах. Әбді әл-Маннанның ұлы Баттал Ғазы Ұрым тәрсаларымен* (Кіші Азия) *ғазауат қылатын, Ұрым тәрсаларын қынадай қыратын. Әбді әл-Фаттахтың ұлы Әбді әл-Жаббар, оның ұлы Әбді әл-Қаһһар.*

(Жалғасы бар).



Бәйдібек ауданындағы Домалақ ана кесенесі.

ТІЛДІҢ ҚҰТЫ ҚАШЫП БАРАДЫ

(Соңы. Басы 2-бетте).

Ана бір жылы қытай ағайындар бір қателік жіберді. Егіннен, бау-бақшадан қалайда мол өнім алу жолын жатпай-тұрмай іздестірген көп санды көршілер күндердің күнінде "құс атаулыны ел аумағынан аластасақ, гектар түсімі күрт артады" деген тоқтамға келеді. Бұл сөзде шындық жоқ деуге бола ма? Құстардың дән жейтіні, жемістерді шұқитыны рас қой. Не керек, қаптаған қытайлар өре тұрып, шулап, тас атып шыға келгенде құс атаулы шынында да безіп кетеді. Алайда осыдан соң ауыл шаруашылық өнімдерінің көрсеткіші күрт төмендей бастаған. Себебі сол – тышқан, құрт-құмырсқа, шегіртке, тағы басқа адам көзіне көріне бермейтін зиянкестер қаптаған. Қалай қаптамасын? Бір торғай бір жазда бір өзі бір миллион құрт-құмырсқаның көзін жояды екен... Құстардан келер зиян мен пайданы таразылап көрмей, асығыс шешім қабылдау осындай қателікке апарып соқтырған...



Тек орысша жарнама күннен-күнге көбейіп барады.

Ал енді "шеттеп қалды" дегенге бір жыға танымаса керек. Баспаларда, түрлі басылымдарда сол ұжымдардың "қара жұмысын" атқарып жүрген таланттыларымыз қаншама! Бір сөзбен айтқанда, әдебиет жатқан бір әлем, ол классиктерден ғана тұрмайды...

Жазушылар одағында біраз жыл бұрын 700 жазушының есепте тұрғаны рас. Бірақ сол 700-дің қазір қаншасы жер басып жүр? Күрт азайып кетті. Барының өзі жазуды азайтты немесе біржола тоқтатты. Себебі олар әдебиеттен де, журналистикадан да, баспа ісінен де, кино, театр салаларынан да, жалпы мәдениет саласынан да шеттеп қалды. Содан кім пайда көріп, кім зиян шегіп отыр? Шотқа салып, есептеп көріңіздер, содан соң құдайшылығын айтарсыздар. Жалпы қалам ұстағандар ешқашан мемлекеттің мойнында отырған емес. Мысалы, бізбен салыстыруға келмейтін шағын Арменияның Жазушылар одағында 4500 мүше есепте тұрады екен. Осының өзі біраз жайдан хабар берсе керек.

Қазір біз де қытайлардың сол қате іс-әрекетін қайталап отырмыз. Ойлап қарасақ, жазушылардың көптігінен келіп жатқан қандай зиян бар? Жалпы біз осы қанаттыларға да, қанатсыз-ақ ұшатын жазушыларға да қатысты ұшқарылау ойлаймыз. Құс дегенде білеріміз бүркіт, бұлбұл, көгершін және қарлығаш. Жазушы туралы танымымыз да осының арғы бергі жағында. "Жазушының бәрі классик болуы керек" деген қағида қайдан шыққан өзі? «Бүркіттен басқаның бәрі құс емес, олардың бізге қажеті аз» десек, дүние не болар еді? Сол сияқты жазушылар да қилы-қилы, олардың классиктерін ғана қалдырып, басқаларын одақтан қуып шығу ешкімге опа бермейді. Бізде "тіл жанашыры" деген ұғым бар. Жазушылар түп-түгел тіл жанашырлары. Ал олар көптік ете ме? Бұның үстіне дамыған халықтарда "тілді сақтаушы, тілді дамытып, ұштаушы" деген де ұғымдар қалыптасқан. Жазушыларды үлкен-кіші демей, түп-түгел осы санатқа жатқызуға болады. Сондай-ақ балалар әдебиетіне атсалысып жүрген ондаған жазушы көзге көп көріне бермейді. Аудармамен айналысатын әріптестерімізді де көпшілік мысал келтірейік. Ең көп санды ақын-жазушылар Оңтүстік Қазақстанда еді, олар "Қазақ әдебиеті" аталатын мәуелі ағаштың "жемісті бір бұтағы" саналатын. Содан не қалды? Кім қалды?

Осыдан оншақты жыл бұрын облыстық әкімдікте «Қазыналы Оңтүстік» деген жалпы атаумен көптомдық шығару туралы шешім қабылданды. Соның 400 кітабы жарық көрді, бұған 1 миллиард теңгеге жуық қаржы жұмсалды. Сол 400-ден Оңтүстік қаламгерлеріне бір кітап та бұйырмады. Істі қолға алғандар негізінен әлем әдебиетіне, әлемдік ғылымға жататын және бұның үстіне бұрын да онсан рет шыққан еңбектерді талғамай қайта басып шығарумен шектелді. Жұрт күткендей нәтиже болмады... Қытайлардың құс атаулыны үркіткеніндей қажетсіз даңғазадан әрі аса алмадық. Қанатсыз-ақ ұша алатындардың сағын біржола сындырдық. Енді тіл қайнары болуға тиіс Оңтүстік "бас ұйытып береміз", "құстан жастық тігеміз", "көріні жаңаға айырбастаймыз" деп, шатып-бұтып отыр. Құдай ақырын берсін...

Кенжетай ҚАЙДАУЫЛ.



БАЛАНЫҢ КӨҢІЛІ бәрінен қымбат

Мейлі қандай мереке болсын балалар үшін оның орны бөлек. Бәріміз де бала болдық қой, мереке-мейрамдардың ішінде Жаңа жылдың жанымызға соншалық жақын болғанын, оған күн ілгеріден дайындық жасайтынымыз әліге дейін көз алдымызда десек, артық емес. Бәлкім, бұл мереке біздің бала көңіліміздегі өзінің қызылды-жасыл қуыршақтарымен, Аяз ата - Ақшақарымен баурап алған шығар. Біз мұны не үшін еске алып отырмыз?

Жаңа жыл мерекесінің қарсаңында Шымкент қаласындағы Оқушылар үйінің шыршасына қатысудың сәті түсті. Айтулы мерекеге айрықша дайындалған ұжым балаларға бар өнерін көрсетіп, мәре-сәре болып жатты. Жасыл шырша жанында Аяз атамен бірге ән шырқап, Ақшақармен бірге билеген оқушылардың қуанышында шек жоқ. Еңбекші ауданының әкімі Ильяс Ғалымжан Молдабайұлы мен оның орынбасары Аманқызметінің өкілдері де өздерінде тіркеуде тұратын азаматтардың балаларына көңіл бөліп, арнайы сыйлық жасап келгені туралы еді. Түске дейінгі шыршада сегіз баланың сыйлығын беріп, қуанышына ортақтасқан пробация қызметкерлері түс қайта тағы алты баланың көңілін көтеріп, өздерінің сый-сияпаттарын ұсынды. «Біз өзімізде тіркеуде тұратын азаматтардың балаларына қамқорлық жасауды ешқашан ұмытқан емеспіз, – дейді өзін Дәурен Қансейітұлы деп таныстырған Шымкент қаласы Еңбекші аудандық Пробация қызметінің инспекторы. – Жаңа жыл балалар үшін қызық та қуанышқа толы мейрам. Өзіміз де бала болдық, мектеп қабырғасында, жасыл шырша жанында тұрып Аяз атадан алған сыйлықтарымызды ешқашан ұмытпаймыз. Баланың көңілінен қымбат не бар дейсіз, бүгінгі мерекеде солардың көңілін көтерейік, естен кетпестей әсерлі сыйлық жасайық деп арнайы келдік».



гелдиев Досалы Жайлауұлының құттықтау сөзі мереке мерейін асыра түсті. Бала емес пе, олар үшін аудан әкімі мен Аяз атаның қолынан сыйлық алудың өзі бір төбе қуаныш. Қаладағы барлық мектептерден қатысқан төрт жүзге таяу оқушыға мектеп мұғалімдері мен ата-аналары да сыйлық ұсынып, қуанышын еселей түсті. Бір сөзбен айтқанда бала көңіл сол күні мерекелік шараның шашуымен бірге көл-көсір сыйлыққа ие болып, естен кетпестей әсерге бөленіп жатты. Осы орайда біздің айтқымыз келгені, Шымкент қалалық №1 Пробация

Иә, айтса айтқандай, бала көңілінен қымбат ешнәрсе жоқ. Айтпақшы, сол күні Айгүл Уйсимбаеваның қызы Ниязбек Тоғжан, Мұсахан Бархатовтың қызы Сапаралы Нұрсая, Бахтияр Жорабаевтың ұлы Нұржігітов Бақдаулет, Нұржан Сарыбаевтың қызы Мениса Құралбаева, Икрам Қасымовтың ұлы Дилшодбек Асқаров, Халила Абдіғаниеваның ұлы Аян Алимбаев, Комила Мавлянованың ұлы Айбек Амангелдиев және Ажар Орынбасарованың ұлы Диас Орынбасаровтар мерекелік сыйлықтарға ие болды.

А. ЖҮСІП.

ӘДІЛЕТ
Рухани жаңғыру

Меншік иесі: ЖК «Мерей»
Директор: Г. МЕЙІРХАНОВА

Бас редактор
Захардин ҚЫСТАУБАЙҰЛЫ

Редакция алқасы:
Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН
Момбек ӘБДІӘКІМҰЛЫ
Мекенбай АТАБАЕВ
Әбдісаттар ӘЛІП
Әбдінағым КӨШЕР
Мұрат СЕРІКБАЙҰЛЫ
Қуанышбек БОТАБЕК *(тілші)*

Мекен-жайымыз:
ОҚО,
Шымкент қаласы,
Желтоқсан к-сі
18/406.
Байланыс үшін тел:
8 701 394 46 46
8 702 127 91 30
E-mail:
zhangyru@mail.ru

Индекс: 64702

* Жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакциядан ресми рұқсат алу шарт.
* Кейбір суреттердің ғаламтордан алынуына байланысты олардың мазмұнына, сапасына редакция жауап бермейді.
* PR мақалалар жарнама ретінде жарияланады.
* Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.
* Басылым қазақ және орыс тілдерінде жарыққа шығады.

Мақала жазбагерінің пікір редакция көзқарасын білдірмейді. Оқырман хаттарына жауап жазылмайды. Қолжазбалар өңделеді, кері қайтарылмайды.
Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы негізде жарық көретіндіктен, оның мазмұны мен қателеріне тапсырыс беруші жауап береді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті есепке алынып, 2017 жылдың 15 маусымында №16573-Г куәлігі берілген.

Газет ЖК “Print Sap” баспаханасында басылды. Шымкент қ-сы, Әлімқұлов көшесі, 22 үй.

Айына үш рет жарық көреді.

Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы

Таралымы - 2000 дана.
Тапсырыс - 63.